

## ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ХАТТАМАСЫ №5

Күні: 23.01.2026ж

Өткізілген орны: Мектеп АКТ залы

Қатысушылар:

1. Каппасов Кайрат Жомартович- «Атбасар аудандық мәслихатының аппараты»ММ ұйымдастыру бақылау бөлімінің басшысы
- 2.Сарсембекова Жанар Фазыловна - «Атбасар мәдениет үйі» МҚКК директоры
- 3.Алтыбаева Зауреш Хасимовна –Атбасар ауданы әкімдігі, бас маман
- 4.Кенжебаева Камшат Сыралықызы – ата-ана
- 5.Сейлова Аина Болатовна - ата-ана
6. Бимаганбетов Руслан Олжабаевич - Патрульдік полиция взводының командирі
- 7.Садыкова Карлыгаш – ЖК «Жібек жолы» директор
8. Тажиев Багдат –жеке кәсіпкер
- 9.Мейрамова Аида Мейрамовна ЖК « Мейрамова» директор
10. Токжуманова Самал Сериковна – инспектор

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Оқушылар арасында салауатты өмір салтын (СӨС) насихаттау және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстарды талқылау.
- 2.Оқу процесінің жағдайын жақсарту және оқушыларға медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік органдармен (Емхана, СЭС) өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

### 1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды: Мектеп инспекторы мен директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Смагулова Б. сөз сөйледі. Олар оқушылар арасында зиянды әдеттерге (вейп, есірткі) қарсы жүргізілген акциялар мен «Тәуекел тобындағы» балалармен жеке кездесулер туралы есеп берді.

Талқылау: Төраға К. Каппасов СӨС-ті тек қағаз жүзінде емес, спорттық секциялар арқылы белсенді насихаттауды ұсынды.

**ШЕШІМ:** Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектеп әкімшілігі мен полицияның бірлескен іс-шаралар жоспары мақұлдансын. Мектептегі спорттық үйірмелердің жұмысы күшейтілсін.

### 2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды: Мектеп медбикесі Сейсембай Г оқушылардың жылдық медициналық тексеруден өту барысы және мектептегі дәрі-дәрмек қоры туралы ақпарат берді. Мектеп директоры Н Алкенова оқу кабинеттерінің жарықтандырылуы мен жылу жүйесін СЭС талаптарына сай ұстап тұру бойынша мемлекеттік органдармен атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтті.

Талқылау: ҚК мүшелері мектеп асханасындағы тағам сапасы мен медпункттің техникалық жабдықталуын жақсарту үшін қалалық емхана басшылығына ұсыныс хат жолдауды ұсынды.

**ШЕШІМ:** Оқушыларға медициналық қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында аудандық білім бөлімі мен денсаулық сақтау басқармасына тиісті сұраныстар жолдансын.

